

мемлекеттің мүддесін, ұлтың мен жұртыңның жай-күйін әлемге дауысың жететін мінберден асқақтата айтып тұратын күнге жетуіміз керек.[5]

### Пайдаланылған әдебиеттер:

- [1] Ақмешіт апталығы газеті, 2019 ж. қазан
- [2] Abai.kz ақпараттық порталы, 1 тамыз 2016 жыл
- [3] Abai.kz ақпараттық порталы
- [4] <https://ziyaly.kz/shtildilik-zhaa-zaman-sranysy/>
- [5] [https://www.inform.kz/kz/ushtildilik-zaman-talaby\\_a2942505](https://www.inform.kz/kz/ushtildilik-zaman-talaby_a2942505)

## ӘЛЕМДІК ТІЛДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ МЕН АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ: ҚОҒАМ-ТІЛ-МӘДЕНИЕТ

Тұрсынбек А.Е.

*(ғылыми жетекші – аға оқытушы Отынищева М.Т.)*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қазақстан, Қарағанды қ.*

**Аңдатпа:** Қоғам үшін жасалынатын әрбір жаңаша бастама – ел ертеңінің игілігі. Бұл мақалада қоғам, тіл, мәдениет ұғымдарына байланысты, осы үш үлкен тақырыптың ортақ тұстары баяндалып, тілдік құрылымның құзыреттілігі, еліміздің әлемдік аренадағы қол жеткізуі мүмкін деген болжамдар да айтып өтілген. Тілдік құрылым, саналы қоғам, мықты мәдениеттің айқын бейнесі сипатталған. Тұңғыш президент жолдауларынан алынған пікірлерге сүйене отырып, жеке пікір баяндалған. Мақалада ел ертеңі жастар болатыны негізделген. Біздің қоғамның мүмкіндіктері мен артықшылықтары жайлы сөз етілген. Мақала толықтай ұлттық мүддеге тоқтала өтіп, тақырыптың өзекті мәселелері баяндалған.

**Кілт сөздер:** Тіл, қоғам, мемлекет, мәдениет, тарих, әлем, экономика, байланыс, қарым-қатынас.

Тіл – күшті ғалам жаратылысындағы күрделі құбылыстардың бірі әрі бірегейі саналатыны хақ. Қоғам мен халық, мемлекет пен мемлекетті, адам мен адамның өзара түсінігі, байланысы үшін негізгі құрал саналатын тіл әр мемлекеттің баға жетпес байлығы, сарқылмас қазынасы болып табылады. Әрине, әр мемлекеттің өзіне тән тілі, діні, мәдениеті басқа да құндылықтары болатын болса, соның ішінде тіл ештеңеге айырбасталмайтын өзіндік ерекшеліктері мен мән мағынасы жоғары құрылым болып саналады. Қазіргі әлем тарихындағы тілдер жайлы сөз қозғайтын болсақ, әлемдік қолданыстағы көш бастаушы тілдер бүгін де өз дәрежесінде лайықты мәртебеде қолданылып келеді. Қоғамды да, халықты да, ұлттық сана-сезім мен рухани бірлікті көтеретін тіл деп ойлаймыз. Тіл – ұлттың, мемлекеттің тірегі. Өзіндік бай сөздік қоры бар, сонау тарих қойнауынан сыр шертетін

ерекше тарихи естеліктері бар құрылым. Мына бес күн дүниенің алмастай қырын, абзал сырын, мән-мағынасын ұғындыратын да осы тегеуріні мықты асыл тіліміз болып саналады. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Мәдениетімізді де, мемлекетімізді де, ұлтымызды да, ұрпағымызды да көтеретін осы ана тіліміз. Өзінің сөз байлығы жағынан әлемде үшінші орын алатын қазақ тілі баға жетпес асыл құрылымдардан тұрады. Әрбір егеменді елдің абыройлы мақтанышы саналатын тіл қоғамды бір бірімен байланыстырушы алтын көпір десем де болады. Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген сөздері есіме түсіп отыр. Әрине, қоғамның ең қажетті қатынас құралы саналатын тілдің маңызы ұлт үшін ұрпақ үшін ешқандай маңызын жоймайтын құнды дүние саналады. Сонымен қатар тілді тек құрылымдық негізде ғана емес, әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан талдап түсіндіру қажет. Тілді әлеуметтік мәселер қатарында әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру, оның қоғамдағы орны мен қызметін анықтау бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі болып саналады.

Белгілі бір әлеуметтік топтардан, белгілі бір әлеуметтік қауымнан құралатын қоғамда тілдің маңызы ерекше. Сонымен қатар қазіргі жаһандану заманында әлем тілдерін меңгеру оның ішінде біздің елдегі «үш тұғырлы тіл» идеясы да өте орынды көтерілген деп ойлаймыз. Иә, біздің Қазақ мемлекетінің ана тілі – қазақ тілі. Әрбіріміз ұлтжанды азамат ретінде өз ана тілімізді сүйіп, құрметтеуге міндеттіміз. Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте деген сөз бар. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ұлттық сананы жаңаша қалыптастыру, басқа елдердің озық тәжірибесін, жетістіктерін бойға сіңіріп, пайдамызға асыру туралы айтқанын зиялы қауым қуана құптап отыр. Білімге ұмтылу, жақсыға үйрену, жаманнан жиренуді ата-бабаларымыз баяғыда айтқан. Бұл енді ұлттық идеологиямызға айналып отыр. «Таяу жылдардағы міндеттер» деген екінші бөлімінде алдағы уақытта жүзеге асырылатын нақты жобалар көрсетілген. Мұнда айтылған қазақ тілін біртіндеп латын алфавитіне көшіру – заман талабы. Латын қарпіне көшу туралы Елбасы өзінің мақаласында «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты» деп атап көрсетті. Алайда заман талабы мүлдем басқа қоғамда жалпы адамзат баласына жан-жақты әрі білімді болу ешқашан артық етпейді. Қазіргі заманда әлемде кең таралған тілдердің бірі ағылшын тілі екені даусыз. Әлемде қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын халықаралық тіл болып табылады. Иә, ағылшын тілін білудің маңыздылығы мен қажеттілігі қазіргі замандағы нағыз қайнап тұрған мәселе десем де болады. Соған орай біздің елде де «үш

тұғырлы тіл» идеясы бойынша ағылшын тілін үйрену міндеткерлігі жүктеліп, бүгінгі күні сәйкесінше тиісті шаралар қолданылып, жұмыстар атқарылуда. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткен. Ағылшын тілі – қазіргі заманда жаһандық тіл. Әрине шет тілін білу сән емес, бұл заман талабы, қажеттілігі десек қателеспейміз. Ағылшын тілінің маңыздылығы мен қажеттілігі, әсіресе біздің қоғамда жастар үшін ең қажет дүние деуге болады. Ағылшын тілін білу арқылы әлемдік шет елдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігі қарастырылған сонымен қатар басқа да жеке дамуға болсын бағдарламалар жетерлік. Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Ағылшын тілі қазіргі таңда халықаралық қарым-қатынас тілі және дүние жүзіне кең таралған тіл болып танылады. Қазіргі кезде ағылшын тілі АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия сияқты көптеген дамыған мемлекеттердің ресми тілі, БҰҰ-ның алты ресми тілінің біреуі. Дамыған отыз елдің ішіне кіру үшін бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған маман дайындауға көп мән берілуде. «Ағылшын тілі бізге әлемдік аренаға шығу үшін қажет. Бүгінгі таңда әлемдегі шығарылатын оқулықтардың 85 %-ы ағылшын тілінде. Қазақстанда 3,5 мың шетелдік компаниялар жұмыс істеуде. Біз олармен қандай тілде сөйлесеміз? Үштілділік біз үшін қалыпты жағдай болуы тиіс», — деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Яғни қалай болған жағдайда да ағылшын тілін білу қажеттілігі қоғам үшін де, мемлекет үшін де, мәдениет үшін маңызы жоғары фактор екені айқын көрініп тұр. Сонымен қатар қазіргі жастар онсызда әлем тілдері мен шет елдік әдебиетке қызығушылығы күн санап жоғарылап келе жатқанын атап өткен жөн деп ойлаймыз. Оған дәлел еліміздегі кітап дүкендеріндегі кітаптардың басым бөлігінің шетел әдебиетінің көптеп сатылуы болып табылады. Оған өзіміздің де көзіміз бірнеше мәрте жеткенін айтып өте аламыз. Ана тілімізбен қатар әлем тілдерін қатар игеруге деген құлшыныс дүниетанымызды кеңейтіп, жан-жақты болуға үлкен септігін тигізетін бірден бір фактор екенін жоққа шығармаймыз. Халықаралық аренада да бәсекеге қабілетті ел болуымыз үшін мемлекеттің жан-жақты түрде дамығаны ең алдымен қоғам үшін жақсы жаңалық екені даусыз. Себебі халықаралық деңгейде мәртебесі мен деңгейі көтерілген мемлекеттің әлауқаты, әлеуметтік жағдайы тұрақтанып, халық игілігі үшін де көптеген шаралар қолданылары сөзсіз. Қоғам демекші, мемлекет пен қоғам әрдайым тығыз байланыста болады. Олардың бір-біріне жүйе құруы мүмкін еместігі мәлім. Мемлекеттің арқасында қоғам бірлестігі өркениетке еніп, қоғам құрылады. Белгілі бір қоғамдық мүдде мемлекеттің де қарастырылуы шарт дүние боп табылады деп ойлаймыз. Жоғарыдан бері айтылып келе жатқан қоғам, тіл, мәдениет мәселерінің қозғалуы да бекер емес. Қоғам, тіл, мәдениет – мемлекеттің үш негізгі тұрағы деуге болады. Мәдениетсіз қоғам, тілсіз мемлекетсіз болуы мүмкін емес. Мемлекеттің өсіп, өркендеп, дамуы қоғамда болып жатқан барлық құбылыстардың аясында жүргізіліп, қоғамның

барлық салаларын қамти отыра, Сонымен қатар біз, егемен, елдің ерікті жастары қоғам дамуына үлес қоса отырып, мемлекетпен бірге дамитын бірден бір тұлға емеспіз бе?! Жаһандық заманда тұғырлы елдің тұлымды жастары құрған мәдениетті қоғамның жан жақты салада дамуы өркениетті болашақтың кепілі болатынын мен сеніммен айта аламын. Біздің қоғамның алтын негізі сонау ықылым замандағы қазақ даласының биік, дана да дара тұлғаларының салып кеткен кеткен сара жолдарынан құралып, соның нәтижесінде берекесі бекем, мызғымас татулығы мен әлем сүйсінер ұлттық құндылықтары бар өзіндік ерекше қоғам саналады ғой. Қазақ деген дархан даланың жалғыз иесі, тар жол тайғақ кеше отырып, бүгінгі күні өз өресіне жеткен, нағыз ұлы дала мемлекеті екенін біздің елдің бақытты тұрғындары жақсы біледі. Жоғарыда айтылғандырдың барлығын ескере отырып, тіл тағдыры – ел тағдыры деп айтсақ қателеспейміз. Өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Өркениеттік өрелік алға шығып, жаһанданудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ол дегеніміз – өз ана тілін терең меңгерген, сол тілде еркін сөйлей алатын, сонымен қатар бірнеше халықтың тілін білетін ұрпақты тәрбиелеу. Қорыта келгенде айтарымыз біз бейбіт елдің ұландары, тәуелсіз ашық аспан астында өмір сүріп жатқан бейкам адамдар, бойынша көкбөрінің талмас рухы бар көкжал қазақтың ұл-қыздары, елім деп елжіреген жұртымыздың болашақ ашық аспаны, бізден кейінгі бақыттышы болашақ ұрпақтың саналы да спалы өмір салты үшін бүгіннен ел дамуы, ұлт дамуы үшін жүзеге асырылып жатқан барша игі бастаманы бір атаның баласындай жұмыла көтеріп, біріге әрекет етсек, ел болашағы жастар қамы үшін барша жағдайды қалыптастарудан жалықпасақ, әлем мойындаған ұлы дала қожасы атану үшін, барын да нарын да ел қамы , жастар қамы деп, жаңа, тың дүниелерді игеруден тынбайтын бәсекеге қабілетті мемлекет атану үшін, әлемнің дамыған елдерінің қатарында еңсемізді биік алып жүру үшін, бүгіннен бастап әрекет етіп, нағыз қазақы болымысымызды алға тарта отырып, жаһандық заманның жасампаз мемлекеті болуға ұмтылудан артық талпыныс бар ма?! Қалай ойлайсыз? Міне, осындай мемлекеттің, осындай қоғамның өсіп өркендереуі, өркениетінің мығым болары, бірлігінің бекем болары, мәдениетінің де әрдайым лайықты мәртебе болары сөзсіз екенін мен, өз елімнің нағыз ұлтжанды азаматы ретінде асқан қуанышпен, зор мақтанышпен айта аламыз!!! Қоғам үшін де, өз болашақ салиқалы өміріміз үшін саналы қоғам құруға өз үлесімізді қоса отырып, жасампаз елдің жаңашылдыққа жаны жақын жалынды жастары атану бір ғанибет деп санаймыз. Ұлттық мүддені әділдікпен ұштастыра отырып, салиқалы саясат сахнасында өз тарихи мінберімізге жетсек ол да бір толағай табыс емес пе?! Ғаламшарда үстемдік еткен талай елдің алдын орап кете алатын, ұлттық рухымыздың арқасында белдескен белін дағы сындырып, елім деген ерікті жас болсам, қоғам, тіл, мәдениетті өз өмірімнің бір бөлшегі ретінде танып,

қарастырсақ, ұлттық мүдде үшін жан бере жарқын жан болсақ бізден асқан бақытты жан жоқ сірә! Ұлтын ұлықтаған ұлағатты ұрпақ болу – онсызда басты мақсаттарымның бірі екенін зор үмітпен айта отырып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні жасампаз елдің жарқын болшағы біз жастар. Елім деген елжіреген жас тұрғанда, көтерем деген ұлт болса біз үшін алынбайтын қамал жоқ! Келешек тарих үшін ерен еңбек, жаңашылдыққа басталған ізгі қадамдар – болашағымның мықты іргетасы деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. - Егемен Қазақстан, 2010. – №16. - 19-32 б.
2. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
3. Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес. – Ақиқат, - 2012. - №5.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. - Егемен Қазақстан, 2010.

## SPECIFIC FEATURES OF TEACHING READING IN A FOREIGN LANGUAGE LESSONS IN THE CONTEXT OF FUNCTIONAL LITERACY

**Tabuldina A.**

*(supervisor - phd, Eskazinova Zh.A.)*

*Astana International University*

*Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Abstract:** In this article specific features of teaching reading in a foreign language lessons in the context of functional literacy were studied. Based on N.D. Galskova and I.L. Bim's reading skill structures, the analysis of effective ways of forming functional literacy through reading was made.

**Key words:** functional literacy, reading techniques, reading methodology.

Reading is an independent type of speech activity that provides a written form of communication. Reading ranks the top places in terms of the use, importance and accessibility among other skills. Reading is referred to the receptive types of speech because it is associated with perception and understanding of information encoded by graphic signs. In reading there is a content plan (that is, what the text is about) and a procedural plan (how to read and sound out the text). In the content the result of the reading activity will be reading comprehension; in the procedural - the process of reading itself, that is, the correlation of graphemes with morphemes, the formation of holistic methods of recognition of graphic signs, formation of the inner speech hearing, which is